

тижение желаемого результата во многом зависит от эффективной системы занятий на инструменте. В ней следует полностью учесть задачи, стоящие перед скрипачом, а также продумать и успешно реализовать на практике методы их решения.

В основе исполнительского аппарата скрипача лежит система его игровых ощущений: статических, двигательных, звуковых. Полноценный, уверенный практический охват этой системы в целом и деталях обычно избавляет музыканта от необходимости отвлекаться на механику скрипичной игры, а также позволяет более успешно решать художественные проблемы интерпретации.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1 Григорьев В.Ю. Методика обучения игры на скрипке. Классика–XXI. – М., 2006.–256 с.

2 Карл Флеш. Искусство скрипичной игры. Классика–XXI. – М., 2007. – 304 с.

Түйін

Бұл мақалада скрипка музыкасына тәрбиелеудің кешенді және күрделі жұмыстарын ұйымдастырудағы өзекті мәселелерді қарайды. Аспапты кәсіби түрде меңгерудің сатылық жұмыстарын орандаушылық әдістерге құрайды. Скрипка музыкасын үйретіп, оны дамыту жүйесіне қатысты ең маңызды сұрақтар мақалада орынды қозғалған және олар болашақта тиімді шешімін табатыны анық.

Conclusion

The article reveals some main problems of organization of complicated violin music education. The basic way of violin teaching is a stage method in professional mastering of this instrument. The article touches upon the most important questions concerning system of violin music teaching and its development.

КӘСІПТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАҒЫ МӘДЕНИЕТТІҢ НЕГІЗІ – ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП

Хамзина К.Б.

Ұстаздық мінез-құлық нормасы мынадай болуға тиіс: ол тым қатал да болмауға тиіс, тым ырыққа да жығыла бермеу керек, өйткені тым қаталдық шәкіртті өзіне қарсы қояды, ал тым ырыққа көне беру ұстаздың қадірін кетіреді, оның берген сабағы мен оның ғылымына шәкірті селқос қарайтын болады. Ұстаз тарапынан барынша ынтылығы пен табандылық қажет. Өйткені бұлар, жұрт айтқандай, тамшысымен тас тесетін бейнебір су тәрізді.

Әл-Фараби

Қазіргі кезде жас ұрпаққа терең, жүйелі білім беруде, оларды қоғам талабына сай азамат етіп тәрбиелеуде қарым-қатынас мәдениетінің маңызы зор.

Философиялық сөздікте «мәдениет – сана мен болмыста адамзаттың әлеуметтік мазмұнына қарай адамның әлеуметтік индивид ретінде дамуы; оның таным, қарым-қатынас, іс-әрекет субъектісі ретінде өмір сүру әдісі; жекелік, шығармашылық, әлеуметтік, адамгершілік, эстетикалық жетілуі» деп көрсетілген.

Адамның қарым-қатынасына ұлттық ерекшеліктердің әсері зор. Олардың психологиялық, педагогикалық алғышарттарын ашу қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді.

Біздің елімізде өркениетті қоғам мен құқылы мемлекетті қалыптастыруға ұмтылумен

бірге ұрпақтың рухани байлығы мен мәдениеттілігін еркін ойлау қабілетімен білімділігін арттыру көзделеді.

Қарым-қатынасты білім мен біліктілік, дағды және адамның ішкі құндылықтарына негізделген мәдени сауаттылығы ретінде қарастыруға болады.

Қарым-қатынас – білім мен мәдениеттің бөлігі, оның бөлінбейтін бөлшегі іспетті адамзаттық дүниетанымы мен сана сезімін жетілдірудің ерекше жолы. Ұлттық құндылықтарға негізделген қарым-қатынас мәдениеті оқушылардың саналы көзқарасын, ізгілікті қарым-қатынас орнатуына, рухани-адамгершілік құндылықтарының қалыптасуына, жүйелі іс-әрекет жасауына мүмкіндік береді.

Қарым-қатынас мәдениеті – қарым-қатынасты қалыптастырудың негізгі шартынан

туындайтын сөз мәдениеті, мінез-құлық мәдениеті. Бұлардың қай-қайсысының болсын педагогикалық мүмкіндіктері жоғары және өзіне тән мазмұны, ерекшеліктері бар.

Педагогика ғылымында адам қоғамының басты құндылығы және қоғамдық дамудың өзіндік мақсаты мәдени-рухани құндылықтарымен ашылады. Сонымен қатар жеке адам – танымның, қарым-қатынастың, шығармашылықтың белсенді субъектісі.

Мәдениет компоненті ретінде білім өз кезегінде мәдениеттің тасымалдаушысы, оның өмір сүруінің, сақталуының, кеңеюінің басты шарты.

Қазіргі заманда педагогикалық ғылым білімнің гуманистік принципін мәдени-жасампаздық қызметін орындауға міндетті. Ол жеке адамды жалпы адамзаттық құндылықтарға жақындастыру, өз бағасын білу және өзін-өзі қалыптастыру мүмкіндіктерін сездіру арқылы адамның жеке мәдениетінің дамуына әсер етеді. Адамзат қоғамының шеңберінде қызмет ететін мәдениет пен білім жұптасады, бірігеді.

Олардың өмір сүруі жеке адам мен қоғам талаптарына. Олай болса қарым-қатынас – адамзат болмысының терең қарым-қатынаста болуы немесе қарым-қатынасқа түсуі.

Жоспарлы қарым-қатынас талабында жеке адамның әлеуметтену үрдісі жүреді, нәтижесінде оның қоғамның рухани және материалдық құндылықтарына жақындауы мен дәстүрлермен танысу үрдісі жүреді. А.В. Петровскийдің пікірінше, адам тек қарым-қатынас үрдісінде ғана жеке болып қалыптасады, өзі үздіксіз қатынас жасайтын қоғамға кіреді. Коммуникация үрдісінде әрбір адам өзара әрекеттің белсенді субъектісі бола отырып, оны қоршаған әлеуметтік, табиғи затты дүниені тани отырып, олармен қатынасты дамытады, тереңдетеді. Ал коммуникативтік іс-әрекетте жеке адамның өзін-өзі тануы мен нақтылануынан ішкі мәдени даму жүреді.

Қоғамда мәдениеттің өмір сүруінің қажетті шарты болып қарым-қатынас беріледі. Жеке адамның дамуы үшін басты құралы ретінде жеделдік қатынастар, өзара қатынастар мен қарым-қатынастың коммуникативтік мәдениеті қаралады.

Қарым-қатынастың белгілі шегі адам қоғамның дамығандығын, адамгершілік, көркем, танымдық шегінің қатынасын анықтайды.

Қарым-қатынастың өзі адам болмысының рухани және мәдени формаларын бірікті-

ре отырып, оның қажеттілігін дәлелдейді. Бұл мәселені зерттеуге адамтану мәселелерінің өкілдері (Б.Г. Ананьев, Г.М. Андреева, Г.С. Бапищев, А.А. Бодалев, М. Бубер, А.П. Буева, А.С. Выготский, И.Б. Котова, А.А. Леонтьев, М.И. Лисина, Б.Ф. Ломов, К. Лоренц, А.А. Мелик-Пашаев, Дж. Мид, В.И. Мясичев, Т. Парсонс, А.В. Петровский, В.А. Петровский, Э. Уилсон, М. Хейдеггер, К. Чери, Т. Шебутани, Е.Н. Шиянов, А. Эспинас, К. Ясперс, т.б.) аса зор көңіл бөледі.

Қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасуы, әр түрлілігі, принципі, оның әлеуметтік мәдени позициясы туралы мәселелері, ғалымдар назарынан тыс қалмаған. Олар (С.М. Коган, Дж. Мид, Т. Парсонс, К. Чери, К. Ясперс, Б.М. Ананьев, Л.С. Коломинский, А.А. Леонтьев, А.Н. Леонтьев, М.И. Лисина, Б.Ф. Ломов, Е. Мелибруда, А.В. Петровский) қарым-қатынас адамның жеке және әлеуметтік өмір сүруінің шарты деген пікір айтады.

Қарым-қатынасқа сұраныс – кезеттілік онтогенездігі адамның алғашқы әлеуметтік қажеттілігі, қарым-қатынас барысындағы индивидтің өз қоғамының мәдени нормалармен адамгершілік заңдарымен жақындасып, жеке адам ретінде дамуы. Ол қарым-қатынаста ғана өзін белсенді шығармашылық субъект ретінде таниды.

Сонымен, қарым-қатынас мәдениеті салыстырмалы жаңа ұғым, ол дүниежүзілік мәдениеттің маңызды кезеңі және құрамды бөлігі, әлеуметтік өмірде адам дамуының ішкі және сыртқы жағдайларын құрушы себеп-салдар ретінде анықталады.

Жоғарыдағы анықтамаларды негізге ала отырып, «қарым-қатынас мәдениеті» ұғымын төмендегідей тұжырымдауға болады: қарым-қатынас мәдениеті – адамзаттың мәндік саналарын жақындастыруға бағытталған адамгершілік, саналық әрекеттер.

Қарым-қатынас мәдениетін оқушылардың бойында қалыптастыру деңгейін төмендегідей өлшемдер белгілейді. Оның үш компонентін атап көрсетуге болады:

- мотивтік;
- білімділік;
- дағды, икемділік.

1. Мотивтік компоненттің өлшем көрсеткіштері – бұл қарым-қатынас барысындағы танымдық белсенділік, топта жағымда – психологиялық климатты қалыптастыруға ұмтылу және оны реттеу, қарым-қатынасқа ұмтылу,

қарым-қатынасқа қажеттілік, талап-тілектер, ішкі құндылықтар, топтағы эмоционалдық жай-күй және лидерлік қабілетінің қалыптасуы болып табылады.

2. Білімділік компонентінің өлшем көрсеткіштері – әңгіменің басты мақсатының барысын білу ақпараттың этникалық бағытын білу (қозғалыс, жүріс-тұрыс, іс-әрекет, т.б.). Сөз қорының мол болуы, адамдармен ара қатынасты ұстана білу, қарым-қатынас барысында дистанция сақтай алу, өзін-өзі және өзара бағалау туралы білімнің болуы.

3. Дағды, икемділік компоненттің өлшем көрсеткіші – бұл қарым-қатынаста сөйлеу дағдысын қалыптастыру – әңгімені жүргізу икемділігі, ұйымдастыру икемділігі, анализ және өзіндік тұрғыдан өзін-өзі реттеу алу икемділігі, мақсат қоя білу икемділігі және оған жетуге дағдылану.

Стратегиялық және тактикалық міндеттерді шешуге бағытталған педагогикалық қарым-қатынасты басқарудағы жағдайдың негізі стратегиялық және тактикалық міндеттері – үрдістің басқаруын қамтамасыз етуі және жағымды эмоционалды атмосфераны туындату. Қарым-қатынасқа деген қызығушылықты ояту үшін төмендегідей міндеттерді орындау қажет:

- аудиториямен қатынасты орнату үшін ең бастапқы ұйымдастыру жолын шапшаңдату;

- қарым-қатынасты ұйымдастыру процедурасына өту үшін жеке іскерлік қасиетті қалыптастыра білу және оны қолдана білу керек (мысалы, сәлемдесу, қарсы алу барысындағы сыйластық және т.б.);

- өзара әрекеттестіктің бастапқы кезеңінде ұйымдастыру мазмұнына сәйкес аралық келісімнің болмауы;

- ұжымдағы «Біз» деген сезімнің, әлеуметтік-психологиялық бірліктің шапшаң қалыптасуы;

- оқушылардың өзара әрекетіндегі жекелік аспектілердің орын алуы;

- аудиторияның қатынас барысындағы тұтастығын ұйымдастыру;

- ұжымның өзара қарым-қатынас әрекетін қалыптастыру үшін қажетті мәселелерді талқылау;

- бейімділік арысында жағымдылық білдіру және тыйым салынатын педагогикалық талаптарды азайту.

Қарым-қатынас мәдениеті оқушылардың саналы көзқарасын, ізгілікті қарым-қатынас

орнатуына, рухани-адамгершілік құндылықтарының қалыптасуына, жүйелі іс-әрекет жасауына мүмкіндік береді.

Сократ: «адамның өзара қарым-қатынасындағы негізгі факторы – моральдық нормалар мен моральдық сана» деген осыған орай моральдық нормалар мен сана қарым-қатынаспен мәдениеттің мазмұнына байланысты мәдени нормалардың адамға тән белгілі шегі мен қалпын білдіреді, олардың қоғам талаптарына сай қалыптасуындағы саналылығын көрсетеді.

Жоғары саналылық, әдептілік, ақылдылық, өнегелілік, қарым-қатынас мәдениетінің жоғары шегі.

Қарым-қатынастың жалпы мәні адамның мақсатына байланысты біріншіден, басқа адамдарды тану, сол адамдардың әсері арқылы өзін-өзі тану, бағалау болып табылады.

Екіншіден, басқамен өз әрекеттерін таңдауда мақсатты, саналы, белсенді жан иесі ретінде көрінеді.

Әдеп – адамдардың өзара жақсы қарым-қатынас жасауына қажетті жағдай. Әдепті адамдар басқаларға барынша жақсылық жасауды, қуаныш әкелуді тілеп тұруы тән. Басқа адамдармен қарым-қатынаста әдепті адам сақта сергек. Ол өзін ұжымда оғаш сөзімен, жеңілтек мінезімен ешкімнің көңіл күйін бұзбауға тырысады.

Балаларды оқыту мен тәрбиелеу ісінде жалпы әдеп атаулыны педагогикаға кіріктіріп пайдаланудың өзі педагогтық әдеп болып есептеледі. Әдетте әдепті адамдарды олардың кішіпейілділік, басқаны түсіне білушілік, жылы шырайлылық, тапқырлық, елгезектік, өзгенің пікіріне құлақ асушылық, ұстамдылық, байсалдылық, әзілкештік, сияқты мінез-құлық белгілеріне қарап тануға болады екен. Мұндай айрықша белгілер әдепті мұғалімнің бойында да болуы тиіс. Әдепті мұғалім ересек адамдармен қалай сыпайы ілтипатпен сөйлесе, оқушылармен де солай сыпайы тек ересектерден гөрі сақ және ықыласпен сөйлесуі керек.

Алайда, зер салып байқасақ, жалпы әдеп бар да және педагогтық әдеп бар ғой. Кез-келген тәрбиелі де мәдениетті адамның бойынан педагогтық әдеп табыла бермейді. Педагогтық әдеп – медицина қызметкерлерінің дәрігерлік этикасы сияқты мұғалімнің кәсіптік сапасы. Ол педагогтық білім мен педагогтық тәжірибені қоса алғанда пайда болатын педагогтық шеберліктің құрамдас бөлігі болып табылады.

Мұғалімнің педагогикалық қарым-қатынасының тиімді болуы мұғалімнің сөйлеу мәдениетіне де байланысты. Мұғалімнің кәсіби қарым-қатынасына әсер ететін екі бөлікті байқауға болады:

- біріншіден, бұл жалпы қарым-қатынас принциптері – ол қоғам дамуы барысында қалыптасқан қағидалар, яғни ғасырлар бойы мұғалімнің педагогикалық іс-әрекетіндегі оқыту мен тәрбие мақсаттарын жүзеге асыратын құндылықтар;

- екіншіден, бұл қарым-қатынастың жекелеген принциптері - мұғалімнің өзіндік қарым-қатынас стилі - өзі қолданатын өзінің қабілеттері мен іскерліктері, білімі негізінде оқыту мен тәрбиелеудің нақты жағдайлары мен мүмкіндіктерін жүзеге асыратын нақты тәсілдері мен құралдарының жиынтығы.

Мұғалімнің іс-әрекеті барысында аталған бөліктерінің біреуінің болмауы мұғалімнің кәсібилігі мен кәсіби қарым-қатынас мәдениеті деңгейінің жеткіліксіздігін көрсетеді.

Мұғалімнің *кәсіби қарым-қатынас мәдениеті* - педагогикалық іс-әрекетте нақты міндеттерді жүзеге асырудағы мұғалімнің әлеуметтік маңызды қабілеттерінің, басқа адамдармен өзара қарым-қатынасқа түсе алуы, оларды қабылдауы, түсінуі және өз ойларын, сезімдерін, ұмтылыстарын бере алу іскерліктерінің көрсеткіші.

Қарым-қатынас мәдениеті педагогикалық іс-әрекет барысында нақты бір міндеттерді жүзеге асыру барысында қалыптасады. Мұғалім қарым-қатынас барысында шығармашылық тұрғыда қолданатын тәсілдер мен құралдар түрлерінің көп болуы қарым-қатынас мәдениетінің деңгейін анықтайды. Осылайша, *қарым-қатынас мәдениеті* – бұл өзара қарым-қатынас барысында оқыту мен тәрбиенің қойылған мақсаттарына жете алу іскерліктері.

Әр нәрседен хабары мол әдепті мұғалім оқушылардың жүрегіне жол таба біледі. Жол

таба білудің нәзік жолдары: ерік-жігер, ұстамдылық, ілтипаттылық, дәйектілік, талап қоя білушілік, зейінділік, қалжыңдай білушілік, орынды мысқыл, ептілік, әзіл-оспаққа үйірсектік, көзқарас және дауыс ырғағының мол болуы.

Әдепті мұғалімнің мінез-құлқы түгелдей (дауысы, жүріс-тұрысы, қалпы) табиғи болады. Оқушылармен әдепті қарым-қатынаста болу әдетіне, мінезінің ажырамас бір бөлігіне айналады. Бойына осындай әдет-дағдылар сіңген ұстаз ғана шәкірттерінің жүрегіне жол табады.

Болашақ мұғалімдерімізді педагогикалық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру мәселесі ұлттық мәдениетімізді дамытуға, ұлттық құндылықтар мен мәдени мұраларымыздың мәнін түсіну, тарихты зерделей отырып, жан-жақты дамыған, рухани мәдениетті жеке тұлға тәрбиелеуде маңызы зор. Осыған байланысты жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдерді даярлау барысында педагогика идеялары негізінде педагогикалық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруды кәсіби даярлықтың ажырамас бөлігі ретінде қарастыру қажет деп білеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Байкова Л.А. и др. Педагогическое мастерство и педагогическая этика. – М., 2001.
- 2 Бондаревская Е.В. Воспитание как возрождение человека культуры и нравственности. – Ростов-на-Дону, 1991.
- 3 Грехнев В.С. Культура педагогического общения. – М., 1990.

Резюме

В данной статье рассмотрена проблема формирования педагогической культуры взаимоотношений будущих учителей.

Conclusion

This article considers the problem of the formation of pedagogical culture of the relationship of future teachers.

БАЛАЛАРДЫ ҰЛТТЫҚ ОТБАСЫНДА АДАМГЕРШІЛІККЕ БАУЛУ ЖОЛДАРЫ

Шалғымбекова Ә.Б.

Қазақ отбасы тәрбиесіндегі мәдени құндылықтар. Әр халықтың өзіндік ерекшелігіне қарай отбасы тәрбиесінде де ерекшеліктер болады.

Әр халықтың бала тәрбиесіндегі өзіндік ерекшеліктері арқылы сол халық отбасы тәрбиесінің де өзіне ғана тән мәдени құндылықтары қалыптасады.